

## Республикалық бюджет қаражатының есебінен адвокаттардың еңбегіне ақы төлеудің ережесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 21 қыркүйек N 1361

Қазақ ССР Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 23-бабына (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1959 ж., N 22-23, 178-құжат) және Қазақ ССР адвокатурасы туралы ереженің 23-бабына (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1980 ж., N 48, 188-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1

ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.08.25. N 1247 қаулысымен. Р 9 9 1 2 4 7 \_

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Республикалық бюджет есебінен адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу

тәртібі туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 25 қарашадағы N 728 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және кейбіреуінің күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 2 тамыздағы N 1069 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің салық салу мәселелері жөніндегі кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгертулердің 2-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 27, 320-құжат).

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1997 жылғы 21 қыркүйектегі  
N 1361 қаулысымен  
бекітілген

Республикалық бюджет қаражатының есебінен адвокаттардың  
еңбегіне ақы төлеудің  
ЕРЕЖЕСІ

1. Қазақ ССР Қылмыстық-іс жүргізу кодексінің 23-бабына және Қазақ ССР адвокатурасы туралы ереженің 23-бабына сәйкес ақы төлеуден босатылған адамдарға заңдық көмек көрсеткені үшін адвокаттарға еңбекақы төлеу (заң консультациясының меңгерушілеріне немесе адвокаттық кеңсенің иелеріне азаматтарды ақы төлеуден босатқан жағдайлардан басқасында) іс жүргізіп отырған жауап алу органының, тергеушінің қаулысы немесе сот ұйғарымының негізінде жүргізіледі.

2. Жауап алу органының немесе тергеушінің республикалық бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттарға еңбекақы төлеу туралы қаулысы адвокат нақты тапсырманы орындағаннан кейін дереу, ал тапсырма орындау мерзімі бір айдан асып кеткен жағдайда - ай сайын шығарылады.

3. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттың еңбегіне ақы төлеу туралы сот ұйғарымы үкім қаулысымен не істің қосымша тергеуге жіберілуімен, іс жүргізудің тоқтатылуымен бір мезгілде шығарылады.

Сот тексеруінің мерзімі бір айдан ұзап кеткен жағдайда, аталған ұйғарым ай сайын шығарылады.

4. Қаулының немесе ұйғарымның бір данасы есепті айдан кейінгі айдың 5-іне дейін қаулыда немесе ұйғарымда көрсетілген соманы облыстық (Алматы қалалық) адвокаттар алқасының есеп айырысу шотына аудару үшін аумақтық әділет органының бухгалтериясына, ал екінші данасы - мәлімет үшін адвокаттардың тиісті алқасына жіберіледі.

5. Адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды республикалық бюджеттің қаражаты есебіне жатқызу туралы қаулыда немесе ұйғарымда тапсырманы орындаған адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, жауап алу, тергеу органының және соттың атауы (тергеушінің аты-жөні), істің нөмірі, күдік келтірілген адамның, айыпкердің, сотталушының тегі және инициалдары адвокаттың іс материалдарын зерделеуге, алдын-ала тергеу мен сот процесіне қатысуға және сот отырысының хаттамаларын зерделеуге нақты жіберген күндерінің саны адвокатқа төленуге тиіс ақша сомасы, сондай-ақ ол құрамында тұрған тиісті адвокаттар алқасының толық атауы мен банк реквизиттері көрсетіледі.

6. Істі қарауға адвокат қатысқан бір күнгі еңбекке төленетін ақының мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарына белгіленетін ең төменгі айлық жалақысының  $\frac{1}{3}$  мөлшерінде белгіленеді.

Сот отырыстарындағы үзілістер уақыты үшін адвокатқа ақы төлеу, егер адвокат бұл уақытта басқа істерді қарауға қатыспаса, сот процесіне қатысқан бір күн үшін көзделген ақының 50 проценті мөлшерінде жүргізіледі.

Өндірістік емес салалардағы қызметкерлердің еңбегіне аудандық коэффициенттер

мен үстемеақылар белгіленген жерлерде заңдық көмек үшін төленетін еңбекақының мөлшерін белгілегенде, заңдық көмекке төленетін ақы тиісті мөлшерлерде өсіріледі.

Жауап алу органының және тергеушінің қаулыларына немесе сот ұйғарымына сәйкес адвокаттың басқа жерге жолға шығуына байланысты іс-сапар шығыстарына Қазақстан Республикасының мемлекеттік кәсіпорындарының және ұйымдарының қызметкерлері үшін көзделген нормалар бойынша, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес

а қ ы т ө л е н у г е т и і с .

7. Аумақтық әділет органының бухгалтериясы қаулы немесе ұйғарым түскен күннен бастап, он күн мерзімде облыс бойынша адвокаттарға төленуге тиісті қажетті қаражат сомасы туралы өтінім құрастырады және келесі айдың 20-күніне дейін мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты шығыстар туралы жиынтық өтінімді ұсынады, ол келесі айдың 25-інен кешіктірмей жиынтық өтінімді республика бойынша бюджеттік жіктеменің тиісті коды бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.

8. Қаржы министрлігі Әділет министрлігімен жиынтық өтінім алған кезде онда көрсетілген сомаларды N 1 нысандағы қазынашылық рұқсаттармен Әділет министрлігінің белгіленген шығыстар сметасының негізінде ай сайын бөліп отырады, Әділет министрлігі N 2 нысандағы өз рұқсатымен бюджет қаражатын жұмсау лимиттерін аумақтық әділет органдарына жеткізеді.

9. Аумақтық әділет органының бухгалтериясы жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қаражат түскен күннен бастап, 7 күн мерзімде қаулыда немесе ұйғарымда көрсетілген сомаларды қаржы құжаттарында адвокаттың фамилиясын көрсете отырып облыстық (Алматы қалалық) адвокаттар алқасының есеп айырысу шотына аударады.

Артық төленген сома анықталған жағдайда, соңғысы аумақтық әділет органының бухгалтериясына қайтарылуға жатады.

Ағымдағы қаржылық жылда адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу кезінде артық төленген қаражаттың, осы жылда түскен қайтару сомасы тиісті ерекшелер жөніндегі кассалық шығыстарды қалпына келтіруге есептеледі.

Өткен қаржылық жылдарда адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу кезінде артық төленген қаражаттың, ағымдағы жылда түскен қайтару сомасы республикалық бюджеттің кірісіне есептелуге тиіс.

10. Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу шығыстарын өтеу жөніндегі міндеттер сотталған адамға жүктелген жағдайларда, оның болатын жері бойынша төлеттіру үшін аумақтық әділет органдарына бұл жөнінде хабарлай отырып, сот атқару парағын береді. Жекелеген жағдайларда, материалдық жағдайы мен өзге де ерекше жағдайларына қарай отырып, сотталған адамдарды сот бұл міндеттемелерден босата алады.

11. Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу

жөніндегі шығыстарды сотталған адамнан өндіріп алу жөніндегі құжаттардың атқарылуына бақылауды аумақтық әділет органдары жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК